



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті ханымдар
мен мырзалар,
Қадірлі қонақтар!

Астана халықаралық форумына қош келдіңіздер! Мұнда барлық құрлықтан достарымыз бен әріптестеріміз, сондай-ақ үкіметтердің, дипломатия, бизнес және ғылыми топтардың өкілдері жиналып отыр. Аса қадірлі қонақырымыз – Қатар Әміріне, Қырғызстан Президентіне, Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне және форумның басқа да құрметті қатысушыларына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздердің осы жиынға арнайы келуге шешім қабылдап, форум жұмысына қатысқандарыңыз – біз үшін үлкен мәртебе. Жиын барысында жаһандық экономикалық және аймақтық ынтымақтастық мәселелерінің қазіргі жай-күйі жөнінде табысты пікір алмасамыз деп сенеміз. Бұл – халықаралық серіктестіктің шынайы мән-маңызын айқындайтын тәсілдердің бірі. Сондай-ақ форум жұмысын аша отырып, стратегиялық серіктесіміз – Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның ХВҚ, ЮНЕСКО, БҰҰДБ, ДСҰ, ЭСКАТО секілді ұйымдарына және басқа да халықаралық институттарға, CNN ақпараттық әріптесімізге шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Құрметті форумға
қатысушылар!

Астана халықаралық форумы – бұл диалог алаңы. Оның негізгі миссиясы мынадай: Бірінші, әлемдегі жағдайды ашық талқылау; Екінші, алдымызда тұрған негізгі сын-қатерлер мен дағдарысты айқындау; Үшінші,

осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұру; Төртінші, көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіру; Бесінші, бейбітшілікті, прогресс пен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейту. Бұл форум өзара белсенді ынтымақтастыққа тікелей ықпал етеді. Әсіресе бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс кезеңінде бізге мұндай қарым-қатынастар өте қажет. Сын-қатерлерге төтеп беру маңызды. Осы ретте жаһандық жүйе бейбітшілік пен өркендеуді таңдаулылар үшін емес, көпшілік үшін қамтамасыз ете отырып жұмыс істеуге тиіс.

Құрметті достар!

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен негізі қаланған әлемдік тәртіптің іргетасының бұзылу үдерісіне куә болдық. БҰҰ бүкіл адамзатты біріктіретін бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала береді. Осы ретте Қауіпсіздік Кеңесінің жан-жақты реформаларынсыз бұл сын-қатерлерді шешу ісінде табысқа қол жеткізе алмаймыз. Кеңестегі «Орта державалардың» өкілдерінің пікірі мейлінше салмақты болуға тиіс.

Жуырдағы COVID-19-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі «жаңа дағдарыстар» біздің нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндіреді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін бұрынғы «блокларға» бөлінушілік ой-санасына қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Жікке бөлінушілік күші тек геосаяси мәселелермен шектеліп қалмайды, оның экономикалық астары да

бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылуда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты борышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды.

Еркін сауда, жаһандық инвестиция, инновация және адал бәсекелестік секілді факторлардың жиынтығы соңғы онжылдықтарда негізі қаланған әлемдік бейбітшілік пен дамудың іргетасын біртіндеп қирата бастады.

Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік толқуға, мемлекеттердің іштей бөлінуіне және олардың араларының шиеленісуіне алып келеді. Теңсіздіктің өршуі, әлеуметтік бөлінушілік, мәдениет пен құндылықтардағы алшақтықтың артуы секілді үрдістердің бәрі экзистенциялық қауіпке айналды.

Теріс ақпараттардың кең таралуына байланысты бұл қатердің алдын алу қиындап барады. Ол бүгінде күшейіп, өте қауіпті бола түсті.

Сонымен бірге жасанды интеллекттен бастап биотехнологияға дейін жаңа технологиялардың жаһандық салдары бар. Бірақ олар шектеулі ұлттық шеңберде ғана енгізіліп жатыр. Осы факторлардың барлығы жаһандық әлемдік тәртіпті үлкен шиеленіске итермелейді. Бұл өзара сенімсіздікті арттырып, белгілі халықаралық форумдардың, қолданыстағы жүйенің, қауіпсіздік режимінің және ядролық қаруды таратпау саласындағы механизмдердің қызметіне кері әсер етеді.

Осылайша, біз белгісіздікпен, тұрақсыздықтың белең алуымен және дау-жанжалдармен бетпе-бет келеміз.

ЕГІС НАУҚАНЫ – 2023: ҚАЗАҚСТАНДА КАРТОП, ҚАҢТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ЖӘНЕ КҮРШІ ДАҚЫЛДАРЫ КӨБЕЙДІ



ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі егіс жұмыстарының алдын ала қорытындылары қаралды.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев атап өткендей, биыл жалпы егіс алқабы 23,4 млн гектарды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 68,6 мың гектарға артық, оның ішінде жаздық егіс алқабы 20,9 млн гектарға жетті.

Мәселен, 15,6 млн гектар алқапқа – масақты дәнді дақылдар, 3,3 млн гектарға – майлы дақылдар, 111,4 мың гектарға – мақта, 97,3 мың гектарға – күріш егілді. Картоп егу жұмыстары толығымен аяқталды, егіс алқаптары 6,7 мың гектарға ұлғайтылып, 197,5 мың гектарға жеткізілді. Қант қызылшасының көлемі 19 мың гектарға дейін жеткізілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7,4 мың гектарға артық, егіс жұмыстары аяқталды.

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тұқыммен, агрохимиямен, техникамен және қаржыландырумен қамтамасыз етуге байланысты барлық мәселелерді үйлестіру мақсатында Республикалық жедел штаб өз жұмысын жалғастырып келеді.

Қазіргі уақытта егін орағын жүргізу үшін дихандарды артамандатылған жанармаймен қамтамасыз ету мәселесі пысықталып жатыр. Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіндегі модуль базасында қажетті көлемді қалыптастыру және дизель отынын сату алғаш рет электронды түрде жүзеге асырылатын болады. Қазірдің өзінде бұл жүйе арқылы 368,2 мың тонна жанармайға 28,5 мыңнан астам етінім берілген. Ауыл шаруашылығы министрлігі жалпы етінімді қалыптастыруда, ол Энергетика министрлігіне жөнелту кестесін дайындау үшін жіберіледі.

Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев көктемгі егіс науқаны кезінде дихандарды дизель отынымен қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады. Сондай-ақ негізгі астық егетін өңірлерде жүргізілген жұмыстар туралы Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров және Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев баяндама жасады.

Премьер-Министр бүгінде науқандық жұмыстар аяқталып қалғанын атап өтті. Үкімет қаржы бөлу және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін толығымен шешті. Мәселен, 140 млрд теңге көлемінде бюджеттік кредиттеу және 21 млрд теңге өнімді форвардтық сатып алуға бағытталды. Дихандарға 522 мың тонна астыққа тауарлық несие берілді.

«Минералды тыңайтқыштар өндіретін отандық компаниялармен келісім-шарттар жасалып, өнімді субсидиялауға жергілікті бюджеттерден 31 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ аталған субсидияларды кешіктірмей беру үшін егіс алқаптарын цифрландыру бір жылға кейін шегерілді. Біз биыл агроөнеркәсіп саласын мемлекеттік қолдау жүйесін көп өзгертпей, барынша сақтап қалғанымызды атап өткім келеді», — деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, Қазақстанның өз астығы өзіне толық жетеді, экспортқа да шығарады. Атап айтқанда, биыл Қазақстан бидайы Қытайға жеткізіле бастады.

«Ауа-райы қолайсыз болып, астық шықпай қалған күннің өзінде біздегі ішкі қажеттілік ең аз жиналған көлемінен 2 есе төмен екенін айта кету керек. Бұл өлдегі ішкі сұраныс пен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге толық мүмкіндік береді», — деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Ол Ауыл шаруашылығы министрлігі өңір әкімдіктерімен бірлесіп, фермерлердің агротехнологиялық талаптарды сақтауын қамтамасыз етуі тиіс екенін айтты.

«Облыс әкімдері егіс алқаптарын арамшөптер мен зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын бақылауға алуы керек. Сонымен қатар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі іс-шаралар тізбесі мен субсидиялау нормативтерін бекіту керек», — деді Үкімет басшысы.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр Ауыл шаруашылығы министрлігі дихандардың мәлімделген бидай көлемін «Азық-түлік корпорациясына» уақтылы жеткізу туралы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуі және жыл соңына дейін алқаптарды цифрландыру бойынша қажетті шараларды қабылдауы қажеттігін атап өтті.



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Атамекен» этно-мемориал кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсіміне қатысты. Ең алдымен, Құрмет қарауылы ротасының бастығы рәсімге дайындығы жөнінде Президентке рапорт берді. Содан кейін Мемлекеттік әнұран шырқалып, Көк байрағымыз көтерілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауымды мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, олар егемендік пен елдіктің ақ басты белгісі екенін атап өтті.

— Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз — күллі халқымызға қастерлі нышандар. Біз үшін тәуелсіздік — ең қымбат құндылық, ал туымыздың асқақ желбірегені — аса биік мәртебе. Батыр бабаларымыздың сын сағатта әрдайым бір пудың астында жиналған. Берілі байрақ күллі түркі жұртын біріктірген. Абылай ханның ақ туы бүкіл қазақтың басын қосқан. Алаш туы арыстарымыздың жігерін жанып, намысын қайраған. Біз бабаларымыздың даңқты жолын жалғастырып келеміз. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны ғарышкерлеріміз көк жүзіне көтерді. Альпинистеріміз өлемнің ең биік шыңдарына орнатты. Спортшылар жеңіс тұғырынан желбіретіп, Әнұранымызды шырқатты. Күллі өлем Қазақ елін көк байрағына қарап танитын болды, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қастерлі нышандарымызды құрметтеу әрбір азаматтың перзенттік парызы екеніне назар аударып, бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық мән-маңызына тоқталды.

— Біз асыл құндылықтарымызды аяқ асты етуге жол бермейміз. Биыл мемлекеттік рәміздерді қорлаған адамдарды жазалау шаралары күшейтілді. Түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп жатыр. Отаншылдық мемлекеттік рәміздерді қастерлеуден басталады. Біз ұлттық нышандарымызды ұлықтау арқылы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетеміз. Оларды отансүйіштік, жасампаздық рухта

тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі салтанатты рәсімнің тағылымдық, тәрбиелік мәні айрықша, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент мемлекеттік рәміздер тарихымызды, өзіндік болмысымызды және халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысын айғақтайтынын атап өтті.

— Мемлекеттік рәміздерде бүкіл Қазақстан халқын біріктіретін, жалғұлттық бірегейлігімізді нығайтатын құдыретті күш бар. Айтпай мерекелер мен әлемдік дүбірлі спорт сайыстарында жеңіске жеткен кезде жүрегімізде Отанға деген сүйіспеншілік оты лаулап, елімізге деген мақтаншыл сезімі пайда болады. Көк байрағымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз — мемлекетіміздің мәртебесі, халқымыздың ар-намысы. Олар алға қарай нық қадам басып, биік мақсаттарға қол жеткізу жолында күшігіер береді, — деді Президент.

Салтанатты рәсім барысында жоғары әскери оқу орындарының 12 үздік түлегі Қазақстан Президенті — Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының қолынан офицерлік шен алды.

Шара соңында Мемлекеттік күзет қызметінің, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктерінің Құрмет қарауылы роталары Президент пен жиналған қауым алдынан салтанатты маршпен жүріп өтті.

Ту көтеру рәсіміне Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Әлихан Смайылов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, мемлекеттік органдар басшылары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссия мүшелері, жоғары әскери оқу орындарының курсанттары мен олардың туыстары қатысты.

akorda.kz

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР



Жетісу облысы Ескелді ауданы Атамекен кәсіпкерлер палатасында «Іскер әйелдер» атты жиналыс өтті. Әр ауылдан жиналған кісілер өздерінің қолдарынан жасаған заттарын қол бұйымдарын әкеліп көрсетті

Әйел затының қолы тиген жер әдеміленіп, гүлдеп сала бермей ме? Осы ұғым іскерлік саласына да жат емес. Яғни, кішігірім сауда-саттықтан бастап ірі бизнестің тізгінін ұстап, ісін ілгерлетіп отырған нәзік жанды ханымдар қатары көп болса керек. Мысалы, Жетісу облысында тіркелген 50 мыңнан астам кәсіпкерлік нысанының иесі қыз-келіншек екен.

Ал аймақтағы 2 миллионнан астам тұрғынның 50,5 пайызын әйелдер құрайды. Елімізде шағын және орта бизнестің 40 пайызы іскер әйелдерге тиесілі. Ал көпбалалы аналар саны Республикамызда өте көп. Ал бір облыстың өзінде 145 мыңнан астам кәсіпкер болса, 45 мыңға жуық шағын және орта бизнеске әйелдер басшылық жасайды. Әсіресе қыз-келіншектердің басым бөлігі білім беру және денсаулық саласында жұмыс атқарады.

ІСКЕР ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ереже

1. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесі туралы осы Ереже (ары қарай – Ереже) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесінің (ары қарай – Кеңес) дәрежесін, жұмысының тәртібі және Төралқа Комитеттері, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (ары қарай – Ұлттық палата) Басқармасы, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен елорданың кәсіпкерлер палаталары, Өңірлік палаталардың Өңірлік іскер әйелдер кеңестері және өзге де тұлғалар, кез келген меншік нысанындағы ұйымдармен өзара әрекетін анықтайды.

2. Кеңес Ұлттық палатаның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңестік органы болып саналады және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұлттық палата Жарғысына, осы Ереже және Ұлттық палатаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Кеңес қабылданатын шешім үшін жариялық, ерікті және Кеңес мүшелерінің тең жауапкершілігі қағидасымен жұмыс істейді.

3. Кеңес құрамы Ұлттық палата Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

4. Төрайым мен Кеңес мүшелері өз қызметін тегін негізде жүзеге асырады. Кеңес мүшесі мүшелігін өз еркімен, Кеңес Төрайымына мүшелікті тоқтатуға дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлама жолдау арқылы тоқтатуға құқылы.

5. Кеңес құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті, мемлекеттік органдар, қауымдастықтар (одақтар), Ұлттық палатаның мүшелері мен басшылық қызметкерлер, түрлі саласы бойынша сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мүше бола алады.

6. Кеңес құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Кеңестің мақсаты мен негізгі міндеттері

7. Кеңес Қазақстан Республикасында әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға қажетті шаралар кешенін зерттеу, сараптамалық бағалау және жетілдіру, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара әрекетін үйлестіру мақсатында құрылды.

8. Кеңестің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасында әйелдер кәсіпкерлігіне толықтай қолдау көрсету және дамыту үшін саясаткерлер, мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар, білім беру және денсаулық сақтау, бизнес пен үкіметтік емес ұйым қызметкерлерінің қатарынан табысты әйелдердің әлеуетін нығайту;

Әйелдер кәсіпкерлігінің бизнес мүмкіндіктерін ұлғайтуға қаржыландыру, инвестициялау және басқа да құралдарын тарту механизмін қалыптастыру;

Әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын жүзеге асыру;

Әйелдер кәсіпкерлігіне тиімді қолдау көрсету және дамытудың заманауи механизмдерін дайындау;

Әйелдер кәсіпкерлігі саласындағы істің ахуалын жиынтықтау, әйелдер ортасында кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіріп отырған түйткілді мәселелерін анықтап, шешу жолдарын табу;

Әйелдер кәсіпкерлігі саласында қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға, кәсіпкерлік субъектілері қызметінің әйелдер ортасы ерекшелігін ескере отырып өзара әрекет механизмдеріне талдау жасау, әлеуметтік зерттеу жүргізу;

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстарды дайындау, мемлекеттік қолдау және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламалары мен жоспарларын қалыптастыру әрі жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына берілетін Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жағдайы туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындауға және жариялауға қатысу;

Кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін ынталандыру;

Әйелдердің жеке кәсіпкерлікке қатысуына, олардың экономикалық бастамаларына қолдау көрсету және олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту.

9. Кеңес артылған міндетті жүзеге асыру үшін өзінің құзыреттілігі аясында мемлекеттік органдар, қауымдастықтар (одақтар) және кез келген меншік нысанындағы өзге де ұйымдармен өзара байланыс орнатуға;

өз қызметін жүзеге асыру үшін келісімшарттық негізде тиісті саланың мамандары мен сарапшыларын тартуға;

бекітілген заңнама және Ұлттық палата ішкі құжаттарының тәртібінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

өз қызметін жүзеге асыру үшін Ұлттық палатаның құрылымдық бөлімдерінен, Өңірлік палаталар мен құрылтайшы ретінде Ұлттық палатаның қатысуымен заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

өңірлік палаталардағы Өңірлік іскер әйелдер кеңесі төрайымының кандидатурасын келісімдеуге құқылы.

10. Кеңес жүзеге асыратын заңнама және құқық қолдану қызметіне сараптама, сондай-ақ Кеңестің тұжырымы мен ұсыныстары «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингіне және Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділік жағдайы туралы жыл сайынғы ұлттық баяндамаға енгізілуі мүмкін.

3. Кеңес қызметін ұйымдастыру

11. Кеңесті Кеңестің төрайымы басқарады.

12. Кеңес төрайымы:

1. Кеңес отырысын шақырады;

2. Кеңес қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады, отырысты басқарады, Кеңес шешімінің орындалуын бақылайды;

3. Кеңес жұмысының жоспарын бекітеді;

4. Кеңестің кезекті отырысының күн тәртібін бекітеді;

5. Кеңес мүшелерінің Кеңес отырысының шақырылымы туралы өтінішхаттарын қарайды;

6. Кеңес қызметінің Ұлттық палатаның ішкі құжаттарында қарастырылған басқа да мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

13. Кеңес қызметінің ұйымдастырылуын Кеңес мүшесі болып табылатын Кеңес хатшысы жүзеге асырады.

Кеңес отырысының күн тәртібін жасайды;

Кеңес отырысына мемлекеттік органдар, қауымдастықтар (одақтар), басқа да ұйымдар мен компаниялардың өкілдерін, салалық мамандарды, тәуелсіз кеңес берушілер мен ғылыми орта өкілдерін шақырады.

14. Кеңес мүшелері:

Кеңес отырыстарына қатысады;

Кеңес отырысын шақыру туралы өтінішхат береді;

Кеңес отырысының күн тәртібіне және шешім жобаларына ұсыныстар енгізеді;

Ұлттық палата жүйесінде Кеңес құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға қажетті ақпаратты сұратады және алады.

15. Кеңес мүшелері жазбаша түрде берілетін және Кеңес отырысының хаттамасына тіркелетін ерекше пікір айтуға құқылы.

16. Қызметті ақпараттық-талдамалық, құқықтық, құжаттық және өзге түрде қамтамасыз ету, сондай-ақ Кеңес қызметін сараптамалық сүйемелдеу бойынша функция Ұлттық палата Төралқа Төрағасының Хатшылығына жүктеледі.

17. Ұлттық палата Төралқа Төрағасының Хатшылығы Кеңес жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде келесі мәселелер бойынша:

Кеңес отырыстарын дайындау және өткізу, отырыс хаттамаларын жүргізу; Кеңестің өзге мәселелер бойынша қызметін қамтамасыз ету;

Кеңес құзыреті аясында мемлекеттік органдар, қауымдастықтар (одақтар), ұйымдар және өзге де тұлғалармен өзара байланыс орнату;

Кеңес қызметін сараптамалық-талдамалық сүйемелдеу;

Кеңестің жұмыс жоспарын қалыптастыру;

Кеңес отырыстарына материалдар дайындау.

18. Кеңес отырысы республика өңірлерінде жиналыс, тыңдалым, оның ішінде бейне және скайп-конференция форматында да өткізілуі мүмкін.

19. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша хаттама жасалады, оған Төрайым мен Кеңес хатшысы қол қояды. Кеңес шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Кеңес мүшелерінің жалпы санынан басым дауыс берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс тең түскен жағдайда Төрайым дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Кеңес мүшелері Кеңес отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір қалдыруға құқылы, пікір Кеңестің тиісті отырысында міндетті түрде айтылады.

20. Қажет жағдайда Кеңес шешімі тиісті шараларды қарау және қабылдау үшін мемлекеттік органдарға және кез келген меншік нысанындағы ұйымдарға жолданады. Кеңес шешімі мақұлданған жағдайда салалық және Ұлттық палата Төралқасының өзге де Комитеттеріне қарауға, егжей-тегжейлі пысықтауға және мемлекеттік органдар және кез келген меншік нысанындағы ұйымдармен өзара байланыста Ұлттық палатаның ресми ұстанымын қорғау үшін жолданады.

22. Кеңес қызметі мен отырыс қорытындылары тұрақты түрде бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Төрайым мен Кеңес мүшелерінің баспасөз-мәжілісінде, бұқаралық ақпарат құралдарында және Ұлттық палатаның ресми интернет-ресурсында баспасөз-хабарламаларын орналастыру арқылы жарияланады.

4. Қорытынды ереже

23. Кеңес Ұлттық палатаның тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңестік органы ретінде өз қызметінде Кеңес бланкісін қолданады. Кеңес үндеулерінде қол қою құқығы Кеңес төрайымына беріледі.

24. Қатыстырылатын сарапшылардың қызмет ақысы Ұлттық палата есебінен тиісті қаржылық жылға сәйкес бекітілген бюджет аясында келісімшарт негізінде төленеді. Сарапшылардың кандидатураларын Ұлттық палата Төралқа Төрағасының Хатшылығы анықтайды.

25. Өңірлік палата Кеңес мүшелері қызметінің мониторингін жүргізеді, оған әрбір мүшенің Кеңес отырысына қатысуы туралы мағлұмат және Ұлттық палата Төралқа Төрағасы Хатшылығының қарауы бойынша өзге де ақпарат кіреді. Мониторинг нәтижесі әрбір жартыжылдық қорытындысы бойынша Ұлттық палата Төралқа Төрағасының Хатшылығына жолданады.

26. Осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар бекітілген тәртіпте енгізіледі.

В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ НАЧАТА ПОДГОТОВКА К НОВОМУ ОТОПИТЕЛЬНОМУ СЕЗОНУ

В области Жетісу для подготовки и проведения отопительного сезона 2023-2024 годов предусмотрено 10,9 млрд. тенге, включая ремонт объектов теплоснабжения и закуп топлива. Об этом стало известно в ходе совещания под председательством заместителя акима области Ерната Базила, где были подведены итоги предыдущего отопительного сезона и поставлены задачи на предстоящий, - сообщила пресс-служба акима области Жетісу.

По данным областного управления энергетикой и жилищно-коммунального хозяйства, на предстоящий отопительный сезон для энергопредприятий планируется заготовить 365 тыс. тонн угля, 10,1 тыс. тонн мазута. В том числе на закуп 83,5 тыс. тонн угля и 4,1 тыс. тонн мазута из бюджета уже выделено 1,8 млрд. тенге. Бюджетным организациям на заготовку 10,7 млн. литров дизельного топлива, 4,2 тыс. тонн пеллет, 15,4 тыс. тонн угля выделено 5,4 млрд. тенге. Для индивидуального сектора необходимо заготовить 453,5 тыс. тонн угля с месторождений «Шубарколь» – 236,8 тыс. тонн, «Каражыра» – 216,7 тыс. тонн.

По словам руководителя областного управления энергетикой и ЖКХ А.Канагатава, в текущем году всего на реконструкцию, строительство и текущий ремонт 5 объектов теплоснабжения из бюджета выделено 3,7 млрд. тенге.

- Средства выделены на завершение перевода на газовое отопление котельной №4 в г. Талдықорган, реконструкцию и строительство тепловых сетей мкр. «Алатау» в г. Текели, текущий ремонт котельной г. Саркан, реконструкцию котельной г. Ушарал Алакольского района и расширение тепловых сетей с. Нуркент Панфиловского района. Также, за счет частных инвестиций начаты строительные-монтажные работы ПГУ мощностью 41 МВт в г. Текели. Ввод в эксплуатацию планируется на 2024-2025 гг. В результате своевременной реализации проекта будет снят вопрос модернизации действующей ТЭЦ в Текели, - сообщил А. Канагатов.

Также разрабатывается 10 проектно-сметных документов по реконструкции тепловых сетей и источников, из бюджета

выделено 600,3 млн. тенге. Реконструкция коснется г.Талдықорган, Караталыского и Панфиловского районов. На текущий год из областного бюджета на проведение корректировки проекта «Реконструкция и расширение котельной «Баскуат» выделено 500 млн. тенге. Предварительная сумма строительно-монтажных работ составляет 25 млрд.тенге. Реализация проекта запланирована на 2024-2025 годы.

Кроме того, на реализацию 9 проектов электроснабжения из бюджета выделено 1,7 млрд. тенге из республиканского и местного бюджетов. В результате будет построено и реконструировано более 205 км линий электропередач, из них Алакольский – 120,5 км, Кербулакский – 14,8 км, Панфиловский районы – 69 км.

Без внимания не останется и сфера обеспечения населения доступным жильем.

На сегодня в регионе централизованном водоснабжением обеспечены 323 населенных пункта или 90,2%. На 2023 год предусмотрено финансирование 3,8 млрд. тенге на завершение 14 и реализацию 5 новых проектов водоснабжения. Планируется построить и реконструировать 212,8 км водопроводных и канализационных сетей.

Продолжится работа и по газификации.

В текущем году реализуется 22 проекта по строительству сетей газораспределения, из бюджета выделено 8,2 млрд. тенге. В результате будет построено 492 км газораспределительных сетей, доступ к газу получат 33 588 человек.

К слову, в области Жетісу из 358 населенных пунктов 192 подлежат газификации, на сегодня газифицировано 22 населенных пункта, доступ к газу получили 288 тыс. человек.

Подводя итоги совещания, заместитель акима области Е. Базил подчеркнул, что все вопросы по подготовке к предстоящему отопительному сезону должны быть на постоянном контроле не только руководства соответствующих отраслей, но и акимов районов и городов. Для стабильного и бесперебойного прохождения отопительного сезона необходимо уделять постоянное внимание качеству и срокам проводимых строительно-монтажных работ, своевременно обеспечению социальных объектов региона необходимым объемом топливных материалов, а населения – углем.

2. Кеңестің мақсаты мен негізгі міндеттері

7. Кеңес Қазақстан Республикасында әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға қажетті шаралар кешенін зерттеу, сараптамалық бағалау және жетілдіру, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара әрекетін үйлестіру мақсатында құрылды.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ облыс бойынша филиалының қызметкерлерімен Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілінің қатысуымен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында спикер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі үрдістері туралы, өңірдің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасында көрсетілген мәселелер туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы соңғы жаңалықтар туралы хабардар етті.

Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылық жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал еткен мән-жайлар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі

шаралар туралы хабардар етті.

Кездесуге қатысушылар «ақшаны ұстан» қағидаты бойынша міндетті қаржылық тергеп-тексеруді енгізу, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың декларацияларын тәуекелге бағдарланған тиімді тексеруді қолдану арқылы сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықтың бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі бастамалар туралы хабардар етілді. Сондай-ақ, Тұжырымдамада адал қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан шығаруға, сол арқылы олардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен қорғауға зиян келтірмеуге мүмкіндік беретін адалдыққа тексеруді (integrity check) енгізу көзделген.

Сонымен қатар, спикер а.ж. 3 қаңтарында Мемлекет басшысы бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістерді түсіндірді.

Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің, оларға теңестірілген адамдардың, олардың жұбайларының шығыстары мен кірістерінің сәйкестігіне бақылау енгізіледі. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесін қалыптастыруға бағытталған түзетулер енгізілді. Енді бұл адамдарды ұйымның тәртіптік комиссияның немесе өзге алқалы органның ұсынымынсыз тәртіптік жауапкершілікке тартуға, қызметтен босатуға немесе басқа лауазымға ауыстыруға болмайды.

М.К.Бекқұлова өз сөзінде әрбір адамды парасаттылық және адалдық қағидаттарын ұстануға және кез келген құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мен парасаттылық қағидаттарын насихаттау бойынша жұмыс жүргізуге шақырды.

Кездесу соңында Антикор өкілі негізгі міндетті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен телефон хабарламаларына жедел ден қоюды қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтарды тегін консультациялық қолдау болып табылатын Агенттіктің 1424 Колл-орталығы жұмысының басымдығын атап өтті.

РӘМІЗДЕР КИЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ



Әр халықтың, әр мемлекеттің қалыптасу, өркендеу жолында өзіне тән киелі, қасиет тұтып ардақтайтын, құрмет тұтатын құндылығы бар. Олар мемлекеттік рәміздер деп білеміз. Ол бүгінгі ғана тапсырмасы емес, ата-бабамыздан жалғасқан қастерлі аманат. Рәміздер тарихи алғашқы қоғамдағы тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты сияқты осы елдің салт-дәстүрін, бірлігін айқындап келеді. Тарихи құндылықтарға дақ түсірмей күтіп ұстау, түпкі мән-мағынасын зерделеп жарыққа шығару, жастарға ұдайы насихаттау қай мемлекетте болмасын маңызды мәселелердің біріне айналғаны мәлім.

Туымызды құрметтеу, қорғау заңмен белгіленген. Отаншылдық, мемлекетшілдік, ең алдымен, тәуелсіз еліміздің Мемлекеттік рәміздерін қастерлеуден басталады. Ол азаматтың бойында мемлекетіне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады. Мемлекет іргесі сөгілмей берік болуы, халықтың береке-бірлігіне, мықтылығына, ынтымақтас ел болуының алғы шарты деп ойлаймын. Мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейліктің қалыптасу тірегі және мемлекеттің дамуының ажырамас бір бөлігі болып қала береді. Атақты Шоқан Уәлиханов өзінің «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты еңбегінде: «Қазақтар киеге үлкен мән береді», – депті. Халқымызда: «киіктің де киесі бар», «иттің – иесі болса, қасқырдың – тәңірі бар» деген мақал-мәтелдер де бекер айтылмаса керек. Ендеше мемлекетімізде тұратын әрбір азаматтың борышы – қасиетті құндылықтарымзды жоғалтпай, қадірлеп, құрмет тұту деп білеміз.

**Назгүл ЖҰМАХАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысының
«Тіл» оқу-әдістемелік
орталығының
Ескелді аудандық
филиалының оқытушысы**

КӨПШІЛІК ОРЫНДАРДА ӨЗІН ҰСТАУ ӘДЕБИ МЕН МӘДЕНИЕТИ



Әдептілік - адам бойындағы жағымды қасиет. Бұл жайында ұлы ғұлама Әбу Насыр Эль-Фараби былай деген екен. «Әдептілік - әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы».

«Әдеп» - қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп тұрса, ол парасатты, адамгершілігі мол екендігін көрсетеді.

Әдептілік - адам бойына үйдегі тәрбиемен, өзін қоршаған ортаның қарым-қатынасымен берілетін қасиет. Ең алдымен әдептілік сәлемнен басталады.

Сәлемдесу - ізеттіліктің белгісі. Ал ізеттіліктен тұатын қағида-әдептілік. Көпшілік орынға келгенде сәлеметсіздер ме немесе ассалаумағалейкум деп жалпылама сәлемдескен жөн.

Ізеттілік пен сыйлайлық, әдептілік, әдемілік бәрін адам отбасындағы тәрбиеден алады.

Адамның басшысы - ақылы, жетекшісі - талап, қорғаны - сабыр, жолдасы - кәсіп, қорғайтын қорғаушысы - мінез, бәрін тәртіпке реттейтін-әдептілік. Біздің халқымыз әр кезде де, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған.

КӨПШІЛІК ОРТАДА ӨЗІН ҰСТАУ МӘДЕНИЕТИ:

Көпшілік қатты дауыс шығарып күлу, қоқыстарды көрінген жерге тастай салу, жасы үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалы немесе жүкті аналарға орын ұсынбау, мобильді телефонмен дауыстап сөйлесу және тағы басқа қылықтар адамның әдепсіздігін көрсетеді. Кез-келген ортада эмоциясын тежей білу немесе шыдамды болу арқылы әдептілікке қол жеткізуге болады.

КӨШЕДЕ ЖҮРІП - ТҰРУ, МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ ӘДЕБИ.

Көшеде жүріп-тұрудың өз тәртібі бар. Келе жатып танысыңызды кездестіріп қалсаңыз, онымен көшенің қақ

ортасында тұра қалып сөйлесу жат қылық. Ары - бері өтіп жатқан жүргіншілерге кедергі жасамас үшін кездестірген танысыңызбен көшенің бір шетіне шығып, амандық саулық сұрасқан орынды. Әйел кісі ер азаматтың оң жағында жүреді. Өзгелерге кедергі жасап, жолды жауып, өзгелердің өтуіне мүмкіндік бермей жүру ерсі көрінеді. Бағдаршамнан өтерде міндетті түрде «жасыл көздің» жануын күтіңіз. Көшенің арғы бетіне кез - келген жерден жолды қиып өту өз өміріңіз үшін қауіпті. Жаяу жүргіншілерге арналған жолақты жол (зебра) белдеуінен өткен дұрыс. Гүлзар бақты, көгалды жерді баспаңыз.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ӘДЕПТІЛІК.

Қоғамдық көлікке кіргенде мүгедектерді, балаларды, егде адамдарды, әйелдерді алдымен өткізеді. Егер бір есіктен кіріп шығатын болса, әуелі адамдардың шығуына мүмкіндік береді. Қоғамдық көлікте қатты сөйлеудің, тамақ жеудің ыңғайы жоқ. Түшкіргенде және жөтелгенде қол орамалды пайдаланып, ауызыңызды жауып отырыңыз. Вагон ішінде өзінің үсті - басын тәртіпке келтірмейді, тырнағын тазаламайды, құлағы мен тісін шұқыламайды, бет бояу немесе шаш жөндеу де жөнсіз. Газет оқығыңыз келсе, оны бүктеп оқыңыз. Көршінің оқып отырған газетіне, журналына үңілу, жолаушыларға қадала қарау әдепсіздік. Жолаушыларға барлап қарамайды. Қатты күлу де орынсыз. Вагон ішінде үй іші мен қызметтегі істер жайында сөйлеспейді, өзгелердің еңгімесіне құлақ салмайды.

Жұмыстағы мінез - құлық этикасы бұл әріптестер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тура қарым - қатынас.

Мінез - құлық. Тілектестік пікір айтудағы айқындық, өзін абыройлы ұстау, жанжалды жағдайларда сабырлы, сыйлайы болу. Жұмысқа отбасындағы келеңсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Жұмыс орнында өз туысқаныңмен отбасындағы рөліне қарай емес қызметіне қарай қатынас жасау керек. Фирманың немесе ондағы жұмыс істейтін қызметкердің қателіктерін бөтен адамның көзінше айтуға болмайды.

Қызметтік қарым - қатынастар. Жаңа қызметкерді ұжымға бастық таныстырады. Бұрынғы қызметкерлер жаңа адамның ортаға өз адамдарындай сіңісіп кетуін іске араластырып, бірнеше күн өткеннен кейін жаңа адам өзін осы ортаның байырғы мүшесіндей қолайлы сезінуі керек.

Ұжымдағы мүшелердің бір - бірімен қарым - қатынасы олардың арасында қалыптасқан дағдыға немесе өзара жеке қарым - қатынастарына байланысты болады. Бөлмеге кіргенде, басшы бірінші амандасады, қызметкерлер орындарынан тұрмай - ақ амандасады. Мемлекеттік қызметшінің әр түрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптестермен өзара қарым қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген сырт адамдармен қатынаста да маңызды рөл атқарады. Қызметтік этика қазіргі мемлекеттік қызметшінің жеке бас сапасы ретінде ғана емес, оның сапалық қасиетін білдіретін деңгейіне көтереді.

**Б.ДЮСЕБАЕВ,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының
басшысы – Әдеп жөніндегі уәкілі**

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН «ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ»



Халқымыздың сонау ерте заманнан өнердің алуан түрін қалыптастырып, сол өнерін ұрпақтан ұрпаққа аманаттап, бүгінге жеткізу, жастардың ойлау қабілетін арттыру басты мақсат деп білген. Тоғызқұмалақ ойыны негізінен екі адамның арасында өтеді.

Ойынды кім бастайтын жеребе тарту арқылы анықтайды. Ойынды бастайтын ойыншыны бастаушы деп, ал қарсыласын қостаушы деп атайды. Тоғызқұмалақ ойынында қарсыластар алма-кезек жүрістер жасап отырады. Ойынды бастаушы ойыншы өзінің кез келген отауынан жүре алады. Ол үшін ойыншы жүріс жасайтын отауының ішінде бір құмалақ қалдырады да, қалған құмалақтарды қолына алып, келесі оң жағындағы отаудан бастап (сағат тіліне қарама-

қарсы бағытта), қолындағы құмалақтар таусылғанша бір-бірден салып шығады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың отауларының біріне түсіп және сол отаудағы құмалақтар санын жұп жасаса онда бұл жүріс табысты болады деген сөз. Ойыншыны сол отаудағы құмалақтардың барлығын өзінің қазандығына салып алады. Тоғызқұмалақ ойыны сабырлыққа, өз-өзіне деген сенімділікке, алға қойған мақсатқа ұмтылуға бейімдейді.

Сырымбет ауылдық кітапханасында мектеп оқушылар арасында тоғыз құмалақ ойынынан жарыс өтті. Оқушылар арасында тоғызқұмалақ ойынын насихаттау, үйрету жұмыстары оқушылардың көңілінен шықты. Жұлделі орын алған жастарды сыйлықтармен марапаттады.

Сырымбет ауылдық кітапханасы

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Бұл, өз кезегінде, қорғанысқа, заманауи қару-жараққа жұмсалатын шығындарды арттыруға ықпал етеді және түптеп келгенде ешқандай кепілдік бермейді. Бұған өткен жарты ғасырда біз алғаш рет ядролық қаруды қолдану перспективасымен бетпе-бет келуіміз мысал болады. Мұның бәрі климаттың экзистенциальді өзгеру қаупіне қарсы жұмылу қажет болған сәтте туындап отыр.

Ханымдар мен мырзалар!

Геосаяси қысымдар бір-бірімізді алшақтатып жатқанда біз бірігуге, ықпалдасуға, ынтымақтасуға, өзара қол ұшын созуға деген анық императивпен бетпе-бет келеміз. Бұл жердегі негізгі идея – осы. Осындай сәтте Астана халықаралық форумы аталған үрдісті кері бұру үшін тағы бір мүмкіндік береді. Тек кездесу, кеңесу, сондай-ақ өзара адалдық таныту арқылы ғана халықаралық қоғамдастық біздің проблемаларымызға, шаруаларымыз бен үмітімізге қатысты мәселелерді шеше алады. Сонда ғана біз ортақ болашағымызды қалыптастыра аламыз, бәріміз үшін мейлінше тұрақты, әділ әрі өркендеген әлем құру жолына біртіндеп ораламыз.

Құрметті достар!

Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналады. Көп жағдайда бұл форум ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай



салада өсім бар екенін байқап отырмыз. Біз іскерлік және экономикалық серіктестік үшін жаңа мүмкіндіктер іздегендердің бәрін шақырамыз. Мысалы, Қытайды Еуропалық Одақпен байланыстыратын орта дәліз не-

ядролық қарусыздандыруды және Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімді қолдаймыз.

Қазақстан Сирия дағдарысын шешуде Астана бейбітшілік процесіне бастамашы болды. Елорда әлемдік діндер көшбасшыларының саммиттерін тұрақты өткізетін орынға айналды. Штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі жиын аймақтық және жаһандық мәселелерді шешетін бірден-бір тетікке айналды.

Біз Ауғанстандағы гуманитарлық дағдарысты еңсеруге белсене атсалысамыз. БҰҰ аясында ауған халқына жан-жақты көмек көрсетудің қажеттілігін атап өткім келеді. Бұл орайда Орталық Азия және Ауғанстан үшін Алматыда БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының аймақтық орталығын құру маңызды.

Қазақстан жаһандық және аймақтық серіктестерімен достық қарым-қатынасты нығайту үшін бар күш-жігерін жұмсайды. Біз қазіргі жағдайда Орталық Азиядағы бауырлас елдермен аймақтық әріптестік орнатуға баса назар аударамыз.

Ел ішінде әділдік, заң үстемдігі, теңдік және әділ сот төрелігі қағидаттарын енгізу үшін реформа жүргізуге бағытталған тиісті шараларды қолға аламыз. Заң мен тәртіпке негізделген менің ұстанымым – айқын. Бұл – «Жаңа Әділетті Қазақстанды» құрудың

берік негізі.

Қысқа уақыт ішінде біз саяси институттарды реформалап, Президенттің өкілеттігін шектедік. Конституцияға өзгерістер енгізіп, саяси және экономикалық жүйені қайта жаңғырттық. Сыбайлас жемқорлықпен күресіп жатырмыз. Сондықтан қазіргі Қазақстанның осыдан екі жыл бұрынғы Қазақстанмен салыстырғанда едәуір айырмашылығы бар.

Қолданыстағы жүйені өзгертуді көздейтін біздің жолымыз әлі біткен жоқ. Біз саяси реформалар мен адами капиталға инвестиция құю ортақ табыстың «қақпанынан» құтқарып, экономикамызды мейлінше тұрақты ететінін жақсы түсінеміз. Айтулы өзгерістерден өткенімізбен, әлі де көп нәрсе істеуіміз керек. Алайда біз өзіміз таңдаған жолды абыроймен жүріп өту үшін барлық сын-қатерге дайын болу керектігін де білеміз. Әрі біз бұған дайынбыз.

Құрметті қонақтар!

Біз бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлердің ішіндегі ең қиыны – климаттың өзгеруі. Орталық Азия бұл қатерлерге қарсы тұру үшін алғы шепте болады. Ғаламдық ауа температурасының 2050 жылға қарай 1,5°C-қа көтерілуін сәтті шектеу мүмкін болғанның өзінде, Орталық Азия елдері күн райының 2-ден 2,5°C-қа дейін көтерілгенін байқайды. Бұл біз өмір сүретін ортаның трафор-

мациясына, нақтырақ айтқанда шөлге айналуына, одан кейін тіршіліктің жойылуына алып келеді. Сондықтан барлық сын-қатерге дайын болуымыз керек.

Су ресурстарының жетіспеушілігі шын мәнінде алаңдатады. Орталық Азиядағы қуаңшылық пен су тасқынынан келетін шығын жалпы ішкі өнімнің 1,3 пайызы деңгейінде деп бағаланады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі 30 пайызға дейін кеміп, 2050 жылға дейін 5 миллионға жуық ішкі климаттық мигранттың пайда болуына әкеп соқтырады.

Біздегі мұздықтардың көлемі қазір 30 пайызға қысқарды. Аймақтағы екі үлкен өзен Сырдария мен Өмудариядағы су деңгейі 2050 жылға қарай 15 пайызға түседі. Біз аймақтағы экологиялық апаттың алдын алу үшін Халықаралық Аралды қорғау қорын қолдауға көбірек қаржы бөлуге шақырамыз.

Су мен климаттың өзгеру мәселесі өзара тығыз байланысты. Орталық Азия – су қауіпсіздігін сақтау тығыз әріптестік және бірлескен тиімді шараларды жүзеге асыру арқылы ғана шешілетін аймақ.

Аймақтағы климат және өзге де мәселелерді талқылау үшін мен Алматыда Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесін құруды және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдарды тарта отырып, 2026 жылғы Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді ұсынамын.

Еліміз «жасыл» экономиканың мол мүмкіндіктерін ұсынып, қайта қалпына келтірілетін энергетиканың орталығы атана алар еді. Алайда уақыт біздің жағымызда емес. Көмірді аз тұтыну және «жасыл» экономикаға қажетті жылдамдықпен көшу үшін бізге ресурстар мен серіктестік байланыс қажет.

Ханымдар мен мырзалар!

Ғаламшарымыздағы төтенше климаттық жағдай – біздің тығыз қарым-қатынасымыз бен ортақ тағдырымыздың жарқын үлгісі. Қаласақ та, қалмасақ та бізді көп нәрсе байланыстырады. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, бірге жұмыс істеудің амалын тапқан табысқа жетеді. Ал қабілетсіздері сәтсіздікке ұшырайды. БҰҰ-ның көпқырлы шешімінің астарында жатқан принциптері мен құндылықтары – бұл мәселені шешудің бірден-бір тиімді тәсілі ғана емес, жалғыз жолы.

Ортақ мәселелерді шешу және серіктестікті нығайтуға, даму мен прогреске арналған диалогқа кеңістік ұсыну Астана халықаралық форумының түпкі мақсаты деуге болады. Мен оптимистік көзқараспен алдағы екі күнде өтетін конструктивті талқылау бізді оңтайлы шешім қабылдауға және алдағы уақытта әріптестікке бағыттайтынына сенім білдіремін.

Сөз соңында маған мына жайтты еске салуға рұқсат етіңіздер. Мазмұнды әңгіме мен серіктестікке жол ашу үшін ашықтық, шыдамдылық және бірлік ауадай қажет. Мен осы форумға және әрқайсыңызға сәттілік тілеймін. Баршаңызға бүгін біздің қатарымызға қосылғандарыңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Талқылаулар сіздер үшін табысты болуына тілектестік білдіремін.



келеді. Біз осынау мұрамызды мақтан тұтамыз. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген брендті қалыптасты.

Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарып отыр. Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз.

Сонымен қатар шетелдік серіктестерімізде де осындай жауапкершілік сезім болады деп үміттенеміз. Бұл – біздің саясатымыздың негізгі қағидаттары. Өз кезегінде бұл еліміздің экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын шағын және орта кәсіпорындар үшін тең құқық пен мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

Былтыр Қазақстан экспорты 40 пайызға артты. Дегенмен біздің жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігі бұрынғыша энергетикалық секторға тиесілі. Сондай-ақ экономикаға әртарапандыруға деген ұмтылысымыз артып келеді. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау сияқты бірқатар

месе Транскаспий халықаралық көлік бағыты сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт тауарды Үнді мұхиты арқылы тасымалдау мерзімін екі есе қысқартады.

Сонымен қатар экономикалық дамуға және өңірішілік бірігуге ықпал ететін «Бір белдеу, бір жол» бастамасында Қазақстан басты рөл атқаратынын атап өткім келеді.

Біз мемлекеттер мен адамдар арасындағы физикалық байланысты нығайтуға, сондай-ақ серіктес әрі дос ретінде қоғамдастықтар арасындағы байланысты күшейтуге тырысамыз. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, бүгінде Қазақстан жаһандық, ең бастысы, шын мәнінде, сенімді сауда-экономикалық серіктес екенін айта аламыз.

Ханымдар мен мырзалар!

Біздің еліміз бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайту үшін әрқашан бар күш-жігерін жұмсады. Өз тарапымыздан



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ - ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ



Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат байлығы. Олай болса, балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің мойнындағы борышы. Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Президент ретіндегі алғашқы Жолдауында бұқаралық спортты дамыту мәселесіне назар аударған болатын. Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету міндеттелген. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз.

Президенттің осы тапсырмасын орындау мақсатында «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған көпшілік жоспар» әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітілгені мәлім. Осы жоспарға сәйкес, мемлекет-жекеменшік әріптестігі аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларына жан басына қаржыландыру жүйесі енгізілді.

Алматы облысы әкімінің орынбасары А.Дәндібаевтің 2021 жылғы 01 қазандағы №17798 қызметтік жазбасына сәйкес, Ескелді ауданы әкімінің 2021 жылдың 15 қарашасындағы №268 қаулысына сәйкес, «Ескелді ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің «Ескелді ауданының бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды.

Аталған мекеме 2021 жылдың 26 қараша күні ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қалалық ауданаралық әділет басқармасында тіркелді.

Ескелді ауданы әкімінің 2021 жылғы 22 қарашадағы «Ескелді ауданының мемлекеттік мекемелерін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» №271 қаулысы, Ескелді ауданы әкімінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы «Ескелді ауданының мемлекеттік мекемелерінің және кәсіпорындарының кейбір мәселелері туралы» №10 қаулысына сәйкес, «Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып атауы өзгертілді.

2022 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қалалық ауданаралық әділет басқармасы арқылы жаңа атаумен қайта тіркеуден өтті.

2022 жылдың 21 қаңтар күні «Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің «Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып аталуына байланысты мекеме басшысы №4 ж/қ бұйрығымен қайта тағайындалды.

Қазіргі таңда, «Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 18 бірлік. (1 бірлік мекеме басшысы, 1 спорт әдіскер, 16 спорт-нұсқаушы).

Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы ашылғаннан, осы уақытқа дейін 2 халықаралық, 3 республикалық, 9 облыстық, 33 аудандық, 146 ауылдық округтерде спорттық іс-шаралар өткізілді. Осы өткізілген спорттық іс-шараға 9224 спортшы қамтылды.

Халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде өткен спорттық іс-шараларға ауданымыздың спортшылары қатысып жүлделі орындарға ие болып жатыр. Атап айтсақ Алматы облысының 90 жылдығына арналған ұлттық ат спорты жарысынан жүлделі-2 орын, Мемлекеттік қызметкерлер арасында шағын футболдан жүлделі-1 орын, Балалар жылына арналған Жетісу облысының ауыл жасөспірімдерінің жазғы спартакиадасында жүлделі-1 орын иеленді және т.б. жетістіктер көп.

Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының спорт-нұсқаушыларынан құралған футбол командасы облыстық жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр, соның бірі Еңбегі сіңген жаттықтырушы Н.Баяхметовты еске алуға арналған облыстық чемпионатта 3 орын иеленді.

Кадр бөлімінің маманы-Омарова Гульнур Бекбергенқызы, спорт нұсқаушы-Қалияқпар Сандуғаш 28.11-02.12 2022 жылы Астанада өткен «Ауыл алаңынан-Олимпиада тұғырына» атты Республикалық I конференция және «Үздік нұсқаушы» байқауына қатысып, арнайы сертификатпен марапатталды.

Ауданымыздың атын Республика, облыстық деңгейде шығарып жүрген бокстан Азия чемпионы-Егінбайқызы Құралай, ұлттық спорт бөйгеден Республикалық жарыстардың чемпионы, жас шабандоз-Марланұлы Хамза және т.б спортшыларымыз жетерлік.

Спорттың адам денсаулығына оң әсері дау туғызбайды, ол әлдеқашан дәлелденген. Бұқаралық спорт кең қанат жайған сайын ұлт балашағына да сенімді боламыз. Дені сау әрбір тұрғын мемлекетіміздің дамуына өз үлесін қоса алады. Сол себепті бұл мәселе басымдыққа ие болып отыр. Алдында айтқанымыздай, үкімет тарапынан түрлі шешімдер қабылданып, бұқаралық спортты дамытуға талпыныстар жасалауда. Бұл аздық етеді, себебі қоғам жағынан қолдау таппаса іс нәтижелі болмайды. Қоғамның әрбір мүшесі осыны жете түсініп, белсенділік көрсетсе деген тілек бар. Сонда ғана ұлтымыздың дені сау, жемісті өңке етіп, спорттық жоғары жетістіктерге жететін боламыз.

Диана ДАУРЕНҚЫЗЫ

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС



Жадырап жаз келгенде оқушылардың басым көпшілігі лагерлерде демалуды қалайды. Жаз айлары – балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайтуларына, жаңа оқу жылын тың күшпен бастуларына қолайлы уақыт. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі.

Қала сыртындағы лагерлерде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда басты назарды баланың денсаулығын нығайту мен демалуына ғана емес, сонымен қатар физикалық және психологиялық жүктемеден арылып, өзі қалайтын іспен шұғылдануына, оның өз дегенін іске асыруына бірден-

бір себепші болады. Мән беріп қарасақ, жазғы лагерлер – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы

Ескелді ауданы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан қала сыртындағы лагерге 1143 бала қамтылады. Оның ішінде 543 бала Текелі қаласында орналасқан «Алтын чажа» лагерінде 2023 жылдың маусым айында демалса, 600 баланы 2023 жылдың масым-шілде айларында Көктөбе ауылында «Көктөбе мектеп жанындағы алаңына» жіберу жоспарланып отыр.

Лагерге баратын оқушыларды бекітілген кесте бойынша мерзімде шығарып салу, күтіп алу жұмыстары ұйымдастырылды. Демалыстағы балаларға балалық шақтың көңілді сәттерін қуаныш пен шаттыққа ұласқан естеліктерге толы қызыпен өткізуіне тілекшіміз!

Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі

ӘДЕПТІЛІК ПЕН ТӘРТІП АДАМ БОЙЫНДАҒЫ ЕҢ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік аппараттың жұмысына жаңаша көзқарас қажет екенін және мемлекеттік қызмет жүйесі іс жүзінде сервистік сипатқа ие болып, қоғамға бағдарлануы үшін түбегейлі өзгерісті талап ететінін атап өткен болатын. Осыған байланысты мемлекеттік аппарат жүйесі де қоғамның талабына сай өзгеруі тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі, кәсіби деңгейі мен олардың адами қасиеттері өзара үйлесім табуы керек. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің бойына осындай құндылықтарды сіңіруге бағытталған. Бұл Кодекс ең алдымен қызметтік әдеп стандарттарын нақтылап, мемлекеттік қызметшілердің бойында моральдық-адамгершілік қасиеттерді сіңіруді басты мақсат етеді.

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметте жұмыс атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаевтың, халыққа арнаған жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасы ұсынылған болатын. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам.» Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы».-деп атап өтті.

Тұжырымдаманың мақсаты, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы диалогтың жоғарғы деңгейдегі ашықтығы және халық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жедел әрекет ету болып табылады.

Жалпы, мемлекеттік қызметші жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстануы және отбасы құндылықтарын насихаттауы қажет, жұмыстан тыс уақытта өз іс-әрекетімен мінез-құлығына жауапты екенін, ал кез келген жағдайда әдеп қағидаттарын сақтау қоғамның мемлекеттік қызметке деген жоғары сенімінің негізі болып табылатындығын есте сақтауы қажет.

Мадияр ИСЕБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Ескелді ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың маусым айының 2-де аудан әкімінің орынбасары Ж.Ә. Әлімбековтың төрағалығымен КТЖК отырысы өтті.

Отырысқа ауданның мекеме басшылары, аудандық прокуратура қызметкерлері, комиссия мүшелері, мектеп директорлары әкімдері шақырылды. **Отырыс барысында жеті мәселе қаралды.**

- Аудандық «Жастар ресурстар орталығының» ау-

дан аумағында кәмелетке толмаған жасөспірімдермен атқарылған жұмыстары жөніндегі есебі;

- Мүмкіндігі шектеулі кәмелетке толмағандарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы;

- Балалардың демалыс уақытында қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Кәмелетке толмағандардың суға түсу кезінде ережелерді сақтау және өрт кезіндегі іс-әрекеттерге үйрету мақсатында оқушылармен кездесу, практикалық дәрiстер өткізу;

- Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары мен қоғамға қарсы әрекеттерінің, мақсүне мдігінің, уытқұмарлығы мен нашақорлықпен тіркеліп,

аталған істер бойынша жүргізілген іс-шаралар және туындаған мәселелер және олардың шешу жолдары бойынша ұсыныстар (статистикалық мәліметтерге сүйене отырып);

- Ескелді ауданындағы жазғы демалыс орындарымен мектеп жанындағы құрылған лагерлердің кәмелетке толмаған балаларды сауықтыруды ұйымдастыру туралы;

- Аудандық полиция бөлімінен келіп түскен 2 материал бойынша;

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік органдарға тиісті тапсырма берілді.

Ескелді ауданы әкімдігі жанындағы КТЖК

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Мемлекет басшымыз елімізде жемқорлықтың дендеп кеткеніне алаңдаушылық білдіріп, қоғамға қауіпті дерт екенін айтты.

Жыл сайын Қазақстанда орташа есеппен 2 мыңнан астам сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеледі. Мыңнан аса адам жауапқа тартылды. Бұл – батпандап кіріп, мысқылдап шығатын кесел.

Осы ауруды қазір шұғыл түрде емдемесек, ертең кеш болуы мүмкін – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің болашағына нұқсан келтіретінін айтты. Осы аталған мәселелерге орай Ескелді ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің жеке құрамы бұл дертпен бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бірлесіп күресуге шақырып, әр жұмыс күні бөлім қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық – қарапайым ғана құқық бұзушылық емес, ол мемлекеттің нәтижелігіне сенімді құртады және қоғамның тікелей қауіпі болып табылады.

Абылай НАЙЗАБЕКОВ,
Аудандық ТЖБ бастығы азаматтық қорғау майоры

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ КОРРУПЦИИ!

Коррупция - главное препятствие в развитии общества. Коррупция является серьезным барьером на пути здорового развития общества, требующим вмешательства и устранения. Но эффективная борьба с этим негативным явлением невозможна, без достаточно полного и точного знания его сущности, конкретных условий возникновения и последствий. Коррупция - главное препятствие в развитии общества. В обыденном понимании коррупция связывается, прежде всего,

как государственной службой и частных предпринимателей. И действительно, государственные служащие, обладая значительным объемом полномочий и зачастую действуя бесконтрольно, имеют все возможности использовать должностное положение в своих интересах и, следовательно, вопреки интересам государства.

А.А. НАЙЗАБЕКОВ,
Начальник
ОЧС Ескельдинского района

БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІН САҚТАЙЫҚ



Балалар – біздің болашағымыз. Бірақта, біздер сол балаларымыздың өмірі қызықты әрі бақытты болып, олар қайғылы жағдайға тап болмауын ылғи ойлаймыз ба.

Өкінішке орай, бұл жайды барлық ересек адамдар естеріне сақтамайды. Балалардың отпен ойыны – қайғылы жағдайға әкеліп соғатынын әр ата-ана ұмытпағаны абзал. Оттың зардаптары мемлекетке, әрі азаматтардың жеке дүние-мүлкіне да өз залалын тигізеді. Ал отпен ойнағандар қайғылы қазаға да ұшырайды.

Мұндай жағдайлар қалай болады? Көпшілігінде ересек адамдар кінәлі. Өз бетінше үйде бақылаусыз қалған балалар тиям салынған ойындармен ойнап сіріңкені ермек етеді. Отпен ойын адамға қайғы

әкелетіні олардың есіне де кірмейді. Мұндай жағдайлар ата-аналары электр құралдарын, жанып жатқан пешті бақылаусыз қалдырып, сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерге жасырып кетпегендіктен болады.

Мынандай жәйттер де кездеседі. Кейбір ата-аналар баланың отқа қызығушылығын көре тұрса да, баланың көз алдында сіріңкені тұтатып, баланың ойнауына еркіндік береді. Әрине, бұл баланы қызықтырып, жанған от есінде ұзақ сақталады. Бір қарағанда ештеңе жоқ сияқты көрінгенмен бала бойында отпен ойнау дағдысы қалыптасады.

Бала отпен ойнауға болмайтынын түсінуі үшін, оған осы жайлы ылғи есіне салып отыру керек. Отпен ойнаған баланың тентектігі жайлы кітапты оқып берген де орынды.

Жас ұрпақтың денсаулығына қамқорлық мемлекет пен мектептің ғана еншісіне тимейді. Бұл біздің қоғамның, әр жанұя мүшесінің құрметті борышы.

Есіңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес бұл өртпен ғана күрес емес. Бұл ең алдымен біздің балаларымыздың бақытты, қуанышты, шат өмірі үшін күрес.

Қ. ӘШІМОВ
Ескелді ауданы ТЖБ инженері

ДАЛА ӨРТТЕРІ

Қазір облыс бойынша күніне 5-6 өрт дала өңірінде орын алуда. Өрт сөндірушілерде тыным жоқ. Бір өнердегі өрт сөндіріліп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылан береді. Сәуірдің басынан сонау қыркүйектің аяғына дейін табиғат аясында орын алатын өрттің саны бүгінгі күнге қарағанда 2 есеге ұлғаятындығын жыл сайынғы талдау ақпараттары көрсетіп отыр. Қазір аудандық өртке қарсы қызметінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс күніне көшірілген.

Қоршаған ортада туындаған өрттің себептері де әр түрлі. Оған ең бастысы адамның да кінәраты бар десек артық айтпаймыз. Ауылшаруашылық нысандарының

жұмысшыларымен шөптесін өсімдіктерді өртеу, көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндірмей кеткендерінен, механизатор, малшылардың немесе көлік жүргізушісінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген немқұрайды көзқарасынан туындайтындығы сөзсіз.

Қоршаған ортада орын алған өрттің зияны да ерекше. Біріншіден, ауа ластанса, келесі кезекте өрттің орманға түсу қаупі артады, мал жайылымын, шабындықты құртады

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері

ИММУНДАУ - ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЕҢ СЕНІМДІ ТӘСІЛІ



Вакцинация – бұл балаларды және ересектерді жұқпалы аурулардан алдын алудың ең жоғары, тиімді тәсілі. Жалпы вакцинацияны тәжірибиеге енгізудің нәтижесі сырқаттанушылықтың пайда болу жиілігінің төмендеуіне әкелді.

Иммунопрофилактика сұрақтары 200 жыл бұрын, шешек жұқпасына қарсы вакцина шығарылғанда пайда болған. Вакцинаны қолдану аталған жұқпадан сырқаттанушылықты және өлім жағдайын бірден төмендетті. Сондай – ақ вакцинаның қолданылуы қауіпті жұқпалы ауруларды төмендетіп ғана қоймай, мүлдем жоюға да көмегін тигізді. Осыған өлім жағдайына дейін жеткізген шешектің жойылуы ең нақты дәлел бола алады, яғни сырқат жойылғаннан кейін иммундау да тоқтатылған.

Мемлекеттік вакцинация бойынша саясат екені қолжетімді дәрежеге дейін жеткізді. Өр – бір бала күнтізбеге енгізілген екпелермен жергілікті мекен – жайлары бойынша емханада, ақысыз түрде егіле алады.

Вакциналардың әр – бір түрі ағзаға

әр-түрлі тәсілмен салынады. Бұл ішке қабылданатын инъекция және тамшы болуы мүмкін. Вакцинаның тиімділігі салу тәсіліне байланысты емес.

Екпеден кейінгі асқыну өте сирек кездеседі. Бұл неврологиялық асқынулар (құрысу), айқын аллергиялық реакциялар (анафилактический шок). Бұл асқынулар тез арада медициналық көмектің көрсетілуін қажет етеді.

Бүгінгі күнге екпеден бас тартушылар саны көбеюде. Нәліктен ата – аналар балаларыны екіртуден бас тарта бастаған? Ия себебі, бізде ұзақ уақыттан бері дифтерия, туберкулез жұқпаларының эпидемиясы туралы ешкім естіген жоқ. Адамдар аталған жұқпалы аурулардан қорықпайтын болған, сондықтан да екпеден батыл бас тартады. Ешкім сырқаттанбайды деп ойлайды.

Екпеден бас тартқан ата – аналар жиі ғаламтордағы ақпараттарға сүйенеді. Бірақ ол жерде арнайы мамандардың пікірлері жиі айтылмайды. Ғаламтор жүйесі бақылаусыз және жауапсыз ақпараттармен толтырылған,

оны ешкім тексермейді, ал адамдар сеніш болып келеді. Екпе жүргізген қауіпті деген бекім, дәйексіз және негізсіз.

Қазақстан Республикасы Еуропа аумағының қақ ортасында орналасқандықтан, күнделікті жұқпалы аурулардың сырттан енуінің қаупі де зор. Осыған орай иммунопрофилактика саласындағы мемлекеттік саясат ең басты алдын алуға бағытталған ал сырттан жұқпалы ауру енгізілгенде басты мақсат жұқпаның таралуына жол бермеуге және жұқпаны жоюға бағытталады. Вакцинацияның тиімділігі екені уақытылы және толық алуға тікелей байланысты. Иммундау көрсеткішінің төмендеуі жұқпалы ауруларды қабылдағыш адамдардың көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін, соның нәтижесінде сырқаттанушылықтың бұрқ етпе жағдайлары туындайды.

Біздің заманымызда екі екі емір сүруге бола ма деген сұраққа нақты дәлелденген жауап бар: жоқ, болмайды. Біріншіден, қоршаған әлемде жұқпалы аурулардың қоздырғыштары бар, оның ішінде тек зертханаларда сақталатын аса қауіпті жұқпалы аурулар да бар. Жұқтыру жағдайының болмауы мүмкін емес. Екіншіден, адамда жұқпаларға қарсы тұратын жеткілікті табиғи иммунитет жоқ.

Үшіншіден, көптеген жұқпалы аурулардың емі жоқ, сондықтан жаңа заманның препараттарымен алдын – алу әлдеқайда тиімді және қауіпсіз. Қазіргі кезде пайдаланғаннан кейін асқынулар өте сирек жағдайда кездесетін вакциналар қолданылады.

Екпелердің бекітілген жалпы күнтізбесі бар, бірақ әр – бір бала жеке қаралады, екпе салар алдында әр-бір бала міндетті түрде тексеріледі. Әрқашан екпелердің варианттары бар және әр – бір бала денсаулық жағдайына сәйкес жеке егіледі.

Екпелер – бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы. Біздің балаларымыздың да қорғалуға құқығы мен мүмкіндігі бар.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ
Ескелді аудандық
СЗББ басшысы

О МЕРАХ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ВЕСЕННЕ-ЛЕТНИЙ ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД



Беспечное, неосторожное обращение с огнём при сжигании сухой травы, мусора на территории дач, садовых домиков зачастую оборачивается бедой.

Чтобы избежать подобных пожаров, необходимо соблюдать следующие правила:

- Не поджигайте сухую траву!
- Своевременно очищайте территорию участка и прилегающую к нему территорию от горючих отходов, мусора, опавших листьев, травы. Помните – там, где отсутствует горячая среда, огня не будет!
- Установите у каждого строения ёмкость с водой.

- Устройте противопожарные полосы для предотвращения переброски огня при пожарах на здания и сооружения. Оградите своё имущество от пожара очищенной от травы полосой земли.

- Не оставляйте без присмотра во дворах баллоны с газом, а также ёмкости с легковоспламеняющимися или горючими жидкостями.

- Не оставляйте брошенными на улице бутылки, битые стекла, которые превращаясь на солнце в линзу, концентрируют солнечные лучи до спонтанного возгорания находящихся под ней травы.

- Строго пресекайте шалость детей с огнём

А. НАЙЗАБЕКОВ
Начальник ОЧС
Ескельдинского района

БЕЗОПАСНОСТЬ НА ВОДЕ



Лето прекрасная пора для отдыха. И что бы с пользой для себя и для

своего здоровья отдохнуть у воды, надо научиться общаться с водой,

уметь плавать, хорошо знать и выполнять правила поведения на воде
ЕЩЕ В ДРЕВНОСТИ люди знали чудодейственную силу купания и закали человека водой, заповедью было «учиться плавать чем ходить». Купаться в воде длительное время нельзя – можно легко простудиться. Если вы чувствуете озноб, немедленно выходите из воды сделаете короткую но энергичную пробежку по берегу. Продолжительность купания зависит от температуры воздуха силы ветра. Наиболее благоприятное условия купания – ясная безветренная погода температура воздуха + 25 С и более. Начинать купание следует при температуре воды не ниже + 18 С.

НАИБОЛЕЕ ПРИЕМЛЕМЫЕ РЕЖИМЫ КУПАНИЯ рекомендуются купаться не ранее чем через 1,5 часа после еды. Лучше всего купаться на детских пляжах: они хорошо оборудованы и обеспечены необходимыми средствами для предупреждения несчастных случаев. Не забывайте, что детям разрешается купаться только в присутствии взрослых.

К. АШИМОВ,
Инженер ОЧС
Ескельдинского района

ЖЕТИСУ ЖҮЛДЫЗДАРЫ - 2023



үшін өткізілген XXI «Жетісу жұлдыздары - 2023» балалар шығармашылығы байқауында «Дәстүрлі ән номинациясы бойынша үздік орындаушылық шеберлігі үшін Қоңыр ауылының жас өнерпазы Сержан Әсер жүлделі 1-орын Дипломымен, жеке би номинациясы бойынша Биболсынқызы Айана 1-орын Дипломымен, топтық биден «Ұлытау» бы тобы 3 орын желдесімен марапатталды. Жас таланттардың бойындағы өнердің көзін ашып, облыс сахнасына шығуына жол ашқан жетекшілері Баян Бүркітбайқызына, Жанар Бешенге, Бейбіт Болатханұлына шексіз алғысымызды білдіреміз! Алдағы уақытта жас таланттарымыздың өнерін үлкен сахналардан көрейік деген ниетпен шығармашылық жетістіктер тілейміз!

2023 жылдың 1 маусым күні Талдықорған қаласы І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында Жетісу облысы әкімінің жүлдесі

Ардақ Шаймерденқызы Комекова, Орындаған: Аудандық мәдениет үйінің өдіскері

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

12, 3, 4-сынып оқушыларына арналған курстар:

- 18 тәуліктің арнайы емес күні сабақ үздіксіз өткізіледі
- Көп марапаттар мен грамоталар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі

5, 6-сынып оқушыларына арналған курстар:

- Көп марапаттар мен грамоталар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі

7, 8, 9-сынып оқушыларына арналған курстар:

- Көп марапаттар мен грамоталар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі

10, 11-сынып оқушыларына арналған курстар:

- Көп марапаттар мен грамоталар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі
- Мектепке қажетті материалдар беріледі

АРАЙ БІЛІМ

- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯР-ЛЫК
- БАСТАУЫШ СЫНЫП, ТЖБ, БЖБ,
- КӨРКЕМ ЖАЗУ
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ
- ОРЫС ТІЛІ
- ҰЕТ-ға ДАЙЫНДЫҚ
- КЗМ, КТЛ,
- 20, 24 ЛПЦЕЙГЕ ДАЯРЛАУ

Біздің мекен-жайымыз: Қарабұлақ а. Балтық би көшесі 109
Телефон: 87474287029, 87057431326 (WhatsApp)
arabilmkarabulak (Instagram)

ЭЛЕКТРОНДЫ ЦИФРЛЫ ҚОЛТАҢБА

«Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде округ тұрғындарына өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан. Округ тұрғындары интернет желілері қосылған компьютерлердің көмегі арқылы өздеріне керекті анықтамалар мен электронды қызметтерді өз беттерінше ала алады.

Атап айтсақ, өзіне-өзі қызмет көрсету секторындағы ең көп алатын қызметтерге ЭЦҚ (электронды цифрлы қолтаңба) рәсімдеу, ЭЦҚ мерзімін ұзарту, соттылықтың болуы, болмауы туралы наркологиялық және психоневрологиялық, диспансерлердің есебінде болмау туралы, мекенжай бойынша тіркеуге тұру, тіркеуден шығару, емханаға тіркелу, медициналық сақтандыру, некеге тұру, жеке басында мүлктің тіркелуі, тіркелмеуі, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар, көпбалалы аналар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақылар тағайындау, зейнетақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Қосымша сұрақтарыңыз болса, тел: (872836) 3-17-06, 87078787573. Ауылдық округ әкімінің аппараты қызметкерлері округ тұрғындарына көмектерін көрсетуге әрқашан дайын.

Сонымен қоса, «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін көрсету, «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету, Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мемлекеттік қызметтер және т.б. көрсетіледі.

«Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ЖЕР СІЛКІНІСІ



Газды, су мен электр қуатын сөндіріңіз. Егер жер сілкінісінің күші аз болса, онда оны тұрған жеріңізде күткен абзал. Одан едәуір күштірек жер сілкінісі кезінде (дүмпу күші бес және одан да жоғары баллды құраса), егер сіз ғимараттың екінші және одан жоғарғы қабаттарында болсаңыз, ғимараттан шығыңыз. Ішкі қабырғаның, бұрыштың, есік жақтауының қауіпсіз жеріне тұрыңыз, ваннаға жата қалыңыз. Керуеттің немесе стөлдің астына кіріңіз - олар

сізді құлауы мүмкін заттардан және сынықтардан қорғайды. Терезе мен ауыр жиһаздан алыс тұрыңыз. Лифтіні пайдаланбаңыз.

Егер сіз көшеде болсаңыз, ғимараттар мен электр беруші желіден ашық алаңға қарай алыстаңыз, үзілген электр сымдарына жақындамаңыз. Ғимарат жанынан жүгірмеңіз және оларға кірмеңіз. Егер сіз автомобильде болсаңыз, дүмпулер тоқтағанға дейін автомо-



НАВАРЛАНДЫРУ

Назар аударыңыз! 2023жылы маусым айының 05-30 күндері аралығында, Қарабұлақ ауылы (Қаратал өзенінің жағалауындағы ағаштардың арасында), Сырымбет ауылы (ауылдың сыртындағы таулы аймақтарда), Алдабергенов ауылы (стадион, орталық саябақ, ескерткіш маңайы), Көкжазық ауылы (ашық демалыс аймағы) кене энцефалитіне қарсы профилактикалық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. 45 күнге дейін мал-жаюға, саңырауқұлақ жинауға тиым салынады.

Т.О.АБУЛОВ, ҚР ДСМ СЭББК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Жетісу облысы бойынша филиалының Ескелді аудандық бөлімшесінің зертхана меңгерушісі

Внимание! В населенных пунктах Карабулак (лесопосадка вдоль реки Каратал), Сырымбет (предгорная местность за населенным пунктом), с.Алдабергенова (стадион, центральный парк возле памятника, стадион в с.Жастар), с.Кокжазык (открытая зона отдыха) с 05-30 июня 2023года будет проводиться профилактическая дезинсекция по борьбе с клещами. В связи с этим, жителям выше указанных населенных пунктов запрещается в течении 45 дней с момента проведения обработки выпас скота, отдых на природе и сбор грибов.

АБУЛОВ Т.О., Заведующий лаборатории Ескельдинского районного отделения Филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КСЭК МЗ РК по области Жетісу

Открылась наследственное дело на имя гражданки Мамасевой Татьяны Григорьевны, дата смерти 26 февраля 2004 года наследников просим обратиться к нотариусу с. Карабулак, р.т. 3-00-99

Открылась наследственное дело на имя гражданина Фазылбаев Равиль Шарипович, дата смерти 24.07.2022 года наследников просим обратиться к нотариусу с. Карабулак, Оразбекова 25, офис-34 р.т. 87773720017

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!


2023 жылғы 10 маусымда сағат 11:00-де Ескелді ауданы Полиция бөлімінің әкімшілік ғимаратында Жетісу облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары полиция подполковнигі Талант Тлеубекұлы Жұмабектің аудан тұрғындарымен жеке қабылдау өткізу жоспарлануда.

Мекен-жайымыз: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков к-сі, 10. Жеке қабылдауға алдын-ала 8 775 444 15 55 байланыс телефонына хабарласу арқылы жазыла аласыздар.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

10 июня 2023 года в 11:00 часов в административном здании Отдела полиции Ескельдинского района заместителем начальника Департамента полиции области Жетісу подполковником полиции Жумабек Талантом Тлеубековичем состоится личный приём граждан района.

Наш адрес: Ескельдинский район, с.Карабулак, ул.Оразбекова, 10. Заблаговременная запись на личный прием осуществляется по телефону: 8 775 444 15 55.



билден шықпай ашық алаңда қала беріңіз. Есте сақтаңыз: жер сілкінісі кезінде адам өлімінің сирек кездесетін себебі болып жер қабатының қозғалысы табылады. Жер сілкінісі кезіндегі қайғылы оқиғалардың басты себептері болып табылатындар: -ғимараттың жекелеген бөліктерінің сынуы -сынған шынылардың құлауы - үзілген электр сымдары - пәтердегі ауыр заттардың құлауы - өрт

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТІЛДЕРДІ ДАМУ ТҰРАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ «ТІЛ» ОҚУ-ӨДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ

Құрметті аудан тұрғындары!

СІЗДЕРДІ ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІН ЖӘНЕ ІС ЖҮРГІЗУ КҮРСТАРЫН ТЕГІН ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ. КҮРСҚА 18 ЖАСТАН АСҚАН КЕЗ КЕЛГЕН АУДАН АУЫЛ ТҰРҒЫНЫ ҚАБЫЦДАНАДЫ. ОҚЫТУ МЕРЗІМІ - 6 АЙ. КҮРС СОҢЫНДА СЕРТИФИКАТ, КҮЛӘЛІК БЕРІЛЕДІ.

Мекен-жайымыз: Қарабұлақ ауылы, Балтық би көшесі 109, аудандық мәдениет үйі

Instagram: til_eskeldi
Facebook: Eskeldi Til Orталығы
Phone: 8 (72836) 3 21 90, 8 777 388 05 41, 8 700 971 37 18

<p>Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15</p>	<p>Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.</p>	<p>Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru</p> <p>Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.</p>	<p>Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.</p>	<p>Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.</p>	<p>Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 610 Көлемі 2 баспа табақ.</p>	<p>Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.</p>
--	--	--	---	--	---	---